



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 5 сәуірдегі  
№ ДС – 153 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Жергілікті өкілді органдардың дербестігін арттыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

***Өкілді органдардың салық мөлшерлемелерін реттеуіне қатысты***

Салық кодексіне сәйкес жергілікті өкілді органдардың кейбір салық түрлерінің базалық мөлшерлемелерін реттеуге, сондай-ақ Бюджет кодексіне сәйкес салықтардың кейбір түрлері бойынша кірістерді әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасында бөлу нормаларын белгілеуге құқығы бар.

Бұл ретте мәслихат депутаттарына, оның ішінде жергілікті бюджеттің шығыстарын ұлғайтуды немесе кірістерін қысқартуды көздейтін шешімдердің жобаларын қарау кезінде бюджеттік комиссиялардың құрамына кіру құқығын беру ұсынылды.

***Мәслихат депутаттарының сайланбалылығына қатысты***

Сайлау туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес 2023 жылдан бастап облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары пропорционалды-мажоритарлық модель (50/50) негізінде сайланады, аудандар мен қалаларда толық мажоритарлық жүйе қолданылады.

Мұндай модель депутаттар корпусын партиядағылардан қалыптастырылуын жоққа шығарады және ұлттық деңгейде де, сол сияқты аймақтық деңгейде де сайлаушылардың мүдделерін жақсы көрсетеді.

***Жергілікті өкілді органдардың дербестігін арттыруға қатысты***

ҚР Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарынан, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардан Үкімет атына мәслихат депутаттарының қызметін жетілдіру жөнінде ұсынымдар мезгіл-мезгіл келіп тұрады.

Мәселен, жергілікті өкілді органдардың құзыреттерін кеңейтуге (*қажет болған жағдайда бюджетті нақтылауға бастама жасау, мәслихат депутаттарының халық қатысатын бюджет жобасының іске асырылуын мониторингтеу мен бақылауға қатысуы*) ЖӘНЕ мәслихат депутатының мәртебесін күшейтуге бағытталған бірқатар түзетулерді жергілікті өзін-өзі басқару саласын жетілдіру шеңберінде көздеу ұсынылады.

Мысалы, мәслихат төрағасын өзіне тән емес функциялардан босату мақсатында аппарат басшысы (*кадр мәселелері, тәртіптік және конкурстық комиссиялар және т.б.*) мен мәслихат төрағасы (*мәслихат сессиясы, депутаттық сауалдарды бақылау, тұрақты комиссиялардың қызметін үйлестіру және т. б.*) арасындағы функционалдық блоктың аражігін ажырату бойынша жұмыс жүргізу ұсынылады.

Бұдан басқа, мәслихаттар қызметін талдауды ескерсек, мәслихаттар аппараттарының көпшілігінде штат санының нормативтерін сақтамау фактілері, сондай-ақ барлық мәслихаттарда штаттан тыс қызметкерлердің артық санының болуы (*мемлекеттік қызметшілер 1154 бірлік болса, штаттан тыс 825 бірлік*) анықталды.

Бұл ретте соңғы екі шақырылымда кейбір өңірлерде мәслихат депутаттарының саны ұлғайғанын және мәслихат депутаттарының бірнеше рет өтініш жасағанын ескере отырып, мемлекеттік қызметшілер мен депутаттар санына «төрт депутатқа бір қызметкер, бірақ бесеуден кем емес» арақатынасында штаттан тыс қызметкерлер санын қысқарту есебінен мәслихаттар штатын кеңейтуді жүзеге асыру ұсынылады.

Сонымен қатар тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының еңбек жағдайлары мен әлеуметтік қорғалуын жақсарту шеңберінде Президент мәслихатты таратқан жағдайда депутаттық өкілеттіктер тоқтатылған күннен бастап үш айдан асырмай ай сайын жәрдемақы төлеуді көздейтін норма ұсынылады.

Ұсынылып отырған нормалар мәслихаттардың қызметін жақсартуға және дербестігін арттыруға ықпал ететін болады.

Бұл ретте аталған түзетулерге Үкіметтің норма шығармашылық жұмысы шеңберінде бастама жасалып, биыл ҚР Парламентіне енгізілетін болады.

**О. Бектенов**